

1 2013

42438к

Айдос Әбүтәліпұлы

# Қалам қазынасы

(Таңдағалы шығармалар)



A 2013/42458e



1 2013/12438к

*Айдос Әбүтәліпұлы*

**Қалам қазынасы**

*(Таңдалалы шығармалар)*

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Каз) 7-4  
Ә 19

**Ә 19 Әбүтәліпұлы Айдос**

**Қалам қазынасы (Таңдамалы шығармалар)** Айдос Әбүтәліпұлы. Астана: «Ақарман-медиа», 2012 жыл - 636 бет.

ISBN 978-601-7185-55-8

Бұл кітапта автордың әр кезде жазылған өлеңдері, толғаулары, дастандары, арнаулары, естелік, шешендік сөздер мен әңгімелері, шежірелік желілер берілген. Автордың шығармаларындағы негізгі ой, арқауы туған ел, жер, табиғаты, тәуелсіз Қазақстан жетістіктері.



104

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Каз) 7-4

ISBN 978-601-7185-55-8

© Әбүтәліпұлы А., 2012

## АЛҒЫ СӨЗ

### ХАТТА ҚАЛАР ҚАСТЕРЛІ СӨЗ

**З**аманың запыраны, қоғамның дерті мәнекен, кей-кейде ақсақал жасына жеткендердің арасынан ақсақал таба алмай қиналып қынжылатынымызды несіне жасырып-жабайық, «Абызымыз осы!» деп ардақталып, алақанға салынып, әспеттеліп жүрген қайсыбір ағаларымыздың қасаң өрісі мен дәлдүріш деңгейін көргенде тағы да көңіліміз құлазып, қоңылтақсып қалатынымыз өтірік деп көрінізші. Иә, қазіргі қазақ қоғамы әр-әр жерде, әрбір аймак пен өнірде, мейлі аудан мен ауылда болсын аталағы сөз айттар, аузы дуалы, халықтың қамын толғар, әруақыт ақиқатқа жүгінер, шын мәнісінде кеудесі алтын сандықтай актарылар абыз ақсақалдарға зәру десек, қате баспаспзыз.

Сегіз өрмелі сексенниң сенгеріне баяғы совет заманындағы серпінін үзбей, зифа мәдениеті мен сырбаз сыпатын сақтай жеткен Айдос Әбутәліпұлы ағамызды «жазулы түрған хаттай» қадір тұтсак, ол жайдың да өзіндік мәнзел-мәнісі бар, «Қанай-Абылай» деген дастанымды жазуға дайындық үстінде бірсыпра еңбек, кітап, мақалаларды қарап ізденіп жүргенде Айдос ағаның «Арыстарға тағзыым» атты әдемі кітабы қолыма тиді. Сондағы «Айбарлы Абылай ханның жебеушісі Қанай би» атты мақаладағы келтірілген кейбір деректер поэмамың оқиға желесін жүлгелендіре түсkenін айтуға тиіспін. Сол кітаптың ішінде күндіз шам алып іздесен таптырмас басқа да талай алтынның сыйнығындағы құнды мағлұматтардың молдығын аңдағам. Солардың ішінде ел аузындағы мәйекті әнгімелер, өткен заманың суретін елестетер естеліктер, шешендік сөздер үлгілері, Балуан Шолақ өмірінің көне көздер құлағында қалған үзік-үзік суреттері, Орынбай Бертағыұлының ақындығын танытар мысалдар, Аңдығожа мен Аңғал батыр, Кенесары ханның батагөй биі болған Бөгембай, 1936 жылы Жамбылмен бірге өнер көрсеткен Мұсатай қүйші, Көкшетаудағы мұсылмандық иман шыракшысы Науан Хазірет, жүзден асып жасаған Өзбек

Елемесұлы және басқа асылдарымыз хақындағы ой-толғамдар өз басымды қатты қызықтырған болатын. Әлбетте, бұл дүниелердің тек мені ғана қызықтырып қоймай, қазақ тарихы мен алаш рухын қастерлейтін басқа да көптеген адамдардың руҳани игілігіне айналып, ойларына нәр беріп, талғам-талабына талғажау һәм тамызық болғанына құмәнім жоқ. Осылайша ауылдағы бала кезден атын естісем де жүзін көрмеген Айdos ағамызың деген ішкі бір ілтипат-құрметім оянып еді.

Шынында да жазушылықты кәсіп етпеген, басқа мамандықтың құлағын ұстаған адамның жер ортасынан асқанда сез өнеріне жүргінуі, қалт еткенде қалам тербеуі тегін емес. Ол өзін осы бір қасиетті аламан бәйгеге өмір бойы дайындал, балтап жаратқандай болып көрінеді бізге. Қызмет бабында да коммунистік қызыл ұранның соңында құр босқа қиқулай бермей, жүргегінің тереңіне туған халқының өткен тарихы мен тағдырына, салт-дәстүріне, өнер-мәдениетіне, белгілі тұлғаларына қатысты ой-пайым мен толғаныстарды түйе жүргені, соған қатысты әралуан әңгімелерді тірнектеп жия жүргені байқалады. Айdos ағаны советтік шинельден шыққан басқа шенеуніктерден бөлектеп, жаңа сападағы биікке көтеріп тұрған да осы ерекшелігі дер едік. Бұл қасиеттің, бұл ерекшеліктің анық аты- ұлт мұратына адалдық. Олай болса, Айdos Әбутәліпұлының жас ұлттайған сайын өлеңнен өмір өрнегін табуы, қаламды серік етіп, жазушылық жолға түсуі ұлтқа қызмет етудің жарасымды нышаны, жарқын ұлгісі деп білгеніміз жөн сиякты. «Қырықта қызды жаздын деп кім өкпелер Абайға» деп Қасым ақын айтқандай, елге қажет, кәдеге жараган, оқырманын тапкан абзal туындылар беріп жатқан Айекеме қауымның алғыстан басқа айтарты жоқ болар деп шамалаймыз.

Поэзияның аскар биігі туралы асқақ әңгімелерді былай қоя тұрып, қазақтың өзімізге түсінікті жалпак тілімен айтқанда, Айdos Әбутәліпұлы- ақын. Ақын деген ұғым анықтама қажет етпесе керек. Екі сөздің басын құрап өлең құрамайтын казақ аз. Ал, Айdos ағамыз жан-жүргегімен, бүкіл болмысымен ақын. Оның пайымындағы ақындық қаламынан туған жырлар еріккеннің ермегі емес. Оның жыры да, сыры да шынайы. Туған

жер табиғатын кестелеген, өмір құбылыстарын өрнектеген жырлары осы сөзімізді дәйектей түскендей. Азаматтық әуенге, айшықты тенеулерге, ел мен жерге деген шынайы махаббатқа толы өлеңдерді ол жарты ғасырға жуық жазып келеді екен. Әсіресе, соңғы жиырма жыл бедеріндегі елдік рух, тәуелсіздікке арналған өлең-жырлар мен толғаулар ақынның отаншылдығын, елжандылығын, үлкен жүргегін, биік парасатын айғақтайды. Өзі көп жылдар еңбек етіп, сүйіспен шынайы ілтираты, сүйіспеншілік құрметі бізді де елітіп баурап алғандай.

Айdos ақын әр жылдарда баллада, дастан, поэма сияқты құрделі жанрларда қалам қарымын байқастапты. Және ол қадамдары сәтті болыпты. Қарабайырлыққа ұрынбапты. Қай-қайсында да қазактың қайыспаған қайсар рухын жырлапты. «Азапты өмір» дастанының кейіпкері Сыздық атайды біз де бала кезімізде көріп едік. Әңгімесін де тыңдағанбыз. Арқамыздан да қақкан. Мандайымыздан да сипаған. Соңда сол кісінің бойында әлде бір жұмбак сыр бардай сезілетін. Сол жұмбакқа мына дастанды оқып шыққанда қанықтым. Қазақ халқына қызыл саясат әкелген сұмдық тауқыметтерді осынау дастан бір адамның тағдыры арқылы әсерлі көрсетіп шыққан екен. Мен енді сол Сыздық атамызға басқаша көзben қарал отырғандаймын. Басқа көзben қаратушы – Айdos ағамыздың ақындық қарымы. Осы сияқты «Қансоқта» дастаны мен «Қара өрт» балладасында да халқымыздың басына түскен қасіретті оқиғалар аты өкінішімен, өзек өртердеги ширығыспен өрілген. «Алабас» дастанынан ақынның эпикалық қуаты, жағрапиялық кеңдік, этнографиялық білік молынан танылғандай. Сонымен бірге бұл дастан бабалар рухына деген өзіндік бір тағзым сияқты дер едім. Поэмалың ұтқан жері де, ұлағаты да соңда. Мұнда ақынның машығы да, қолтаңбасы да байсал арнадан, баянды қалыптан табылған.

Автордың қара сөзге, деректі прозаға да төсөлген жорғалығын жоғарыда айттық. Бұл орайда оның он жамбасына түсер тақырыптар – тарихи жайлар, замана түйткілдері болып келетініне осы таңдамалы жинақты сүзіп шыққан сұңғыла кекіректер өздері де көздерін жеткізер. Ақындығына,

жазушылығына қоса, «Өзіне жау тілеген келсе шежіре жаз» деген Мәшһүр атамыздың мәтелін біле тұра, Атығай-Қарауылдың шежіресін зор еңбек жұмсап ежіктей таратып шығуын да қанатты қайраткерлікке, елдік пен бірлікті көздейтін құрескерлікке ба-лаймыз.

Тағы да балалық кез есke түседі. Алпысыншы жылдар. Көкше өніріндегі сирек қазақ ордаларының бірі-Қарашілік орта мектебінде Айекеннің туған ағасы Көкі Әбутәліпұлы денешінықтыру пәнінен ұстаздық етті. Жазғы таңдар әрдайым ертеңгі сағат жетіден жалпыға бірдей жаттығумен басталатын. Сол Көкі мұғалім денемізben бірге санамызды да тәрбиелеген екен. Көзі қарақты, сөзі санатты болатын. Жоғарыда айтқан молда Сыздық атай да солай еді. Бекзаттықты, тектілікті біздің бала жүрегіміз алғаш осы кісілерден ұғынып сезініп еді. Енді, міне, кейін табысқан, рухтас көнілден ұғысан Айdos ағатайым да сол текті әuletтеген болып шықты. Көкшетаудағы дәйім сағынып жүрер көркем де көрікті ағаларымның бірі. Таңдамалы етіп тасқа басар, ұрпаққа мұра боп хатта қалар қастерлі сөзіңіз то-лассыз айтыла берсін, қаламыңыздың ұшынан мәйектей төгіліп жазыла берсін деп тілеймін.

**Қорғанбек Аманжол,  
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**

Заманың тар жылдары туып едім,  
Талпынып белді бекем буып едім,  
Аңсаган сан ұрпақтың арман мұңы,  
Елімнің еркіндігі туым менің.

Жырлаймын, жалықпаймын өмірімде,  
Жаңалық болып жатқан өңірімде,  
Оңалған Отанымның әр қадамын,  
Паш ету қуанышым көңілімде.

*Автор*

## *Өлеңдер*



## ТУҒАН ЖЕР

Аңсап елге жылына бір барамын,  
Өзіме-өзім сонда қайран қаламын,  
Күні кеше, асық ойнап, доп қуып  
Жүргендеймін, қара табан баламын.  
Бәрі соның қазіргідей есімде,  
Ойын-сауық, тұні бойы, кезінде –  
Алтыбақан, ақсүйекті қыздырып,  
Тәтті үйқыдан тұрушы едік бесінде.  
Бақытты шақ сол бір кездер алаңсыз,  
«Жата тұрсын» – деуші еді ғой анамыз.  
Қайран ана, ак сүтіңен айналдым,  
Рухына тәуіп етті балаңыз.  
Қандай ыстық балдырған шақ, тұған жер,  
Кіндік қаным, тұңғыш терім тамған жер,  
Бір өзінде ортактастым әр қашан,  
Куаныш пен басқа түссе қайғы шер.  
Алтын ұя қастерлейтін мекенім,  
Қара шаңырақ секілденген мектебім,  
Ұмытылмас мәңгі он жыл аялап  
Жас жаныма білім нәрін еккенің.  
Тауды, тасты кезіп орман, даласын,  
Қысы-жазы жұтып тұнық ауасын.  
Сайрандадым, асыр салдым тәсінде,  
Қия алмадым жидегі мен жуасын.  
Уа, тұған жер! Неткен кербез тұлғасы,  
Тендесің жоқ деп айтамын тұрасы.  
Ата-бабам қастерлеген жер үйық,  
Біздер үшін сыйға тартқан мұрасы.

## МАҚТАНАМЫН АБАЙЫММЕН

Откенде жұз елу жыл бұдан бұрын,  
 Сарыарқа жер ұйығы Шыңғыстауда,  
 Тәнірім беріп дана дарқан ұлын,  
 Болыпты Тобықтыда шілдехана.  
 Қасиетті Зере әже дуалы ауыз,  
 Абай деп атын қойып аялаған.  
 Нәр құйып санасына нелер аныз,  
 Ертегі, жырмен жанын ұялаған.  
 Төрінде аға сұлтан Құнанбайдың,  
 Тоғысқан ақын, жырау, билер шешен.  
 Жасынан құйма құлақ Ұлы Абайдың  
 Ордасы ой тербеген мектебі екен.  
 Оянып бұлбұлдайын таң сәріден,  
 Сайраған үнін халқы еркелеткен.  
 Сусындал батыс, шығыс кәусерінен,  
 Науай, Пушкиндерді сан тербеткен.  
 Арманы парасатпен салмақтанған,  
 Ғұлама ұлылықтың аскар шыны.  
 Тың теңеу, саф алтындей сөз саптаған,  
 Жиылса тудыра алмас мидың мыңы.  
 Абай тірі рухы бұл өмірде,  
 Абай лебі халқының жүргегінде,  
 Ұлылығын Абайдың бейнелеуге,  
 Теңеу таппай қиналып жүремінде: –  
 – Деймін мен сөз асылын арнай құрап.  
 Абай – дана сарқылмас аққан бұлак,  
 Абай – тұлға қазақтың төл дарасы,  
 Абай – байтақ қазақтың кең даласы.  
 Абай – теңіз тұңғиық түбі маржан,  
 Інжуінен теруге ынтық бар жан.  
 Абай – қыран қияға көз талдырған,  
 Өшпейтұғын артына із қалдырған.  
 Сондықтан мақтанамын Абайыммен,  
 Нұрланам күн іспеттес арайымен,  
 Дүниенің төрінде оның орыны бөлек  
 Тең түсер даналардың талайымен.

### СЫРЛАСУ

Жарық дүние қысқа өмір,  
Сағым боп өтер бір сзық.  
Жаратқан ием өзің біл,  
Тырбандым қарман қол созып.  
Талығып кетсем көзімді іл,  
Түсімде аян жол сзып.

Ауганда сапар ортасын,  
Бұрылдым болжап артымды.  
Бұза алмай ойдың ордасын,  
Алдыма күндер тартылды.  
Киял мен қалам жолдасым,  
Сырлассақ дейді тартымды.

Арман ғой түстей балалық,  
Жастығың жалын ол қызық.  
Өткізсең өмір бағалап,  
Сүйіп алған жар қызық.  
Кетпесе тағдыр алалап,  
Ден-саулығың бар қызық.

Өмірдің заңын ұмытпа,  
Ұрланып жүрер жауыздық.  
Алдамшы жалған, ұлықта,  
Мәңгі емес салар ауыздық.  
Болсанда болат ұқыпты,  
Бәрінен қыын жалғыздық.

## МҰХТАР ӘҮЕЗОВКЕ

Арман, қиял жетелеп ту қияға,  
 Ақтарылса ой өзені, сыя ма –  
 Арнасына, дәл өзіндей бейнесін –  
 Берсем шіркін! Қолда қағаз, сияға –

Жармасамын оңтайланып жазуға,  
 Сөз маржанын теріп келген ауызға.  
 Қиналсам да арнау айту қаншама  
 Оңай емес Мұхтар сынды жүлдізға.

Желпінемін сөзін оқып сиынып,  
 Өзіме-өзім келем іштей жиылып.  
 Суретіне көз жіберсем үңіліп,  
 Тірі Мұхтар тұргандай-ақ жымын.

Тағы кетем ой теңізін жағалап,  
 Шәкірттері бар ғой ескен ағалап.  
 Қандай бақыт иелері тап солар,  
 Еken деймін, көзін көрген бағалап.

Әліппемен қатар енген санама,  
 Ұлы Абай ұқсаушы еді-ау панама.  
 Есейгенде сусыннатқан Мұхтардан,  
 Мың раҳмет ұстаз, мектеп-анама.

Ашып айтсам сезімінді құптар ма ең,  
 Сөз сиқырын саралауға құштар ем.  
 Сәлемдескен өмірімде бір сәтті  
 Ол да бақыт дер едім-ау Мұхтармен.

## **КӨКШЕ ҚЫРАНЫ**

Көгіне құн боп тұған бөлеп нұрға,  
Қалың ел сенім артты ардақты ұлға,  
Кек болат Оқжетпестей дараланған,  
Ер Мәлік, Ғалым Мәлік алып тұлға.

Шарлаған атың аңыз еренім ең,  
Досқа жақ, жауға жасыл беренім ең.  
Арманың аскар таудай арқалаған  
Сүм-ажал айырды ерте береріңнен.

Кең пейіл Сарыарқадай жайдарлым ең,  
Заңғар ең, алты алашқа айтарым ең,  
Талқандап айдаһардай Отан жауын,  
Түбінен Москвандың қайтарып ең.

Қомданған Көкшетаудың қыранындай,  
Өткір ең, найза, қылыш құралындай,  
Көз тояр тұрпатың да ерекше еді-ау,  
Мінезің көлдің майда құрағындай.

Тұғанда құлы заман таржол уағы,  
Қолдаған Қанай атам аруағы.  
Дарынды тектім едің Батыр Мәлік,  
Мәңгі есте асыл бейнен жан шуағы.

## ӨМІР ТУРАЛЫ

Қас қагымын бұл жалғанның көреді,  
 Қайран басың бәріне де көнеді,  
 Сызықты күн тамамдалса мейілің  
 Кім болсаң да қара жерге көмеді.

Фани дүние айқара ашқан есігін,  
 Әлдилеген өмір атты бесігін.  
 Тастал кеткен не бір дана, батырлар,  
 Өкінішпен тауыса алмай несібін.

Бір-ак келер жарық дүние, кеншілік,  
 Берері мол ала алсаң еншілік,  
 Тіршіліктे жүреміз ғой түсінбей,  
 Бәрімізге сол бір жері кемшілік.

Өмір, өмір, әлдилей бер әлі де,  
 Өмір заңы есте болар бәріде,  
 Ажал деген араны кең аяусыз,  
 Ашса ауызын түсер жас та, кәрі де.

## **САРЫ ЖАЙЛАУ**

Тындағанда «Сары жайлау» күйінен,  
Бағы заман бір сәтіне үнілем.  
Қыз-бозбала, сарала бел, салт атты,  
Өнгө бөлел шаттық сезім үнімен.  
Желе шауып, белес-белес қыр асып,  
Кең даланың төскейіне жарасып,  
Жайлау көші әлде кайда жылжиды,  
Аспан асты мол у-дуға ұласып.  
Жалындаған жас қырандай апай төс,  
Сайланған топ тас түйіндей бастап көш,  
Айналаға көз жүгіртіп бағдарлап,  
Кім біледі уақыт солай қасты-өш.  
Қайтқан қаздай кең даласын қазағым,  
Көшіп, қонып көрген қызық, азабын,  
Домбыраның қоныр үні құйқылжып,  
Сыбырлайды ғасыр сыры ғажабын.

## **ӘЛІ ЕСІМДЕ**

Жаздың жылы айсыз түні тымырсық,  
Майда жүзің аймалады қылымсып,  
Махаббаттың сиын тартқан сол бір түн,  
Әлі есімде бәріненде тым ыстық.  
Ел сыртында қалың ағаш аясы,  
Тұнгі шықпен дымқыл тартқан ауасы,  
Тұла бойды тәтті сезім биледі,  
Лұпілдеген жас жүректің дауасы.  
Ақтарылған адал көңіл кіршікіз,  
Құшағына көп арманың кірдік біз.  
Жұлдыздарды куә қылып қол алдық,  
Тілек тілеп оң болғай деп жолымыз.

## МЕКТЕБІМ

Теренге батсам ой теңіз,  
 Шөккендей болып түбіне,  
 Дүние тартыс мәні егіз,  
 Қарасам болжап үңіле,  
 Балалық ұмыт, бал заман,  
 Жігіттік өтіп жел құйын.  
 Торығу емес, толғанам,  
 Тоқтамас уақыт сол қыын.  
 Кудікті үміт ысырып,  
 Шуакты шақтар қарсы алам.  
 Шабытты қиял ұшырып  
 Желпініп тағы жыр жазам.  
 Саралап өткен күндерді,  
 Туған жер сыршыл ардақты,  
 Ақ сүйек ойын, түндерді –  
 Өткізген дәурен алдапты...  
 Есімде өшпес мәңгілік,  
 Ашқаным мектеп есігін,  
 Санама бердің, нәр құйып,  
 Киелі алтын бесігім.  
 Есімде бәрі талпынған,  
 Махаббат, отты арманым,  
 Өмірлік азық тартылған –  
 Ұстаздан сый алғаным.  
 О, аяулы алақан,  
 Анамдай адал мәпелеп,  
 Ұшырдың түлеп балапан,  
 Сәт сапар тілеп, мәуелеп,  
 Тоғысты, міне торқалы,  
 Самғаған сенен түлектер,  
 Айтылған ойлар ордалы,  
 Қабыл болсын тілектер.  
 Алпыс жыл толған тойында –  
 Айтарым жалғыз алғысым,  
 Еңбегің әр кез ойымда,  
 Бас иію міндет, парызым...

## **БАЛ ҚЫМЫЗ**

Көгала бел жаздың шаңқан шағында,  
Ел дәстүрі ежіктелген ежелден.  
Малишы қауым жайлау, өріс шағылда,  
Жылқышылар өрнек құрып желіден,  
Ата-баба ардаған тұлігі,  
Үйір-үйір кермиықтар шабандоз,  
Қоңыр салқын көленкелі тұндігі,  
Тұр қымыз үй-қасиетті қара қос,  
Татсан әмі таңдай, тілді үйірген,  
Сіміргенше тынысында хош иіс.  
Майы түсіп күбі піспе түйілген,  
Сарала атан, казы қымыз, тобылғы ыс.  
Көптің асы-күміс көмей сусыным.  
Қайнап ақкан тас бұлактай шымырлап.  
Азайып тым тамшы судай сусыдың.  
Қиналтады-ау сол бір жерің шыным-тап.  
Еріншектің ертеңіне ұрынбай,  
Жалғастырсақ салт-дәстүрдің асылын.  
Дүкен торып, есірікке салынбай,  
Бал қымызды дәріптейік бар сырым.

## ЖЕҢІС КҮНІ

Балалық шақ әлі есімде ауылда,  
 Тына қалған секілді күн дауылда.  
 Сүйіншілеп, «соғыс бітті» – деген сөз  
 Кетті шарлап қалың елге қауымға,  
 Ендім үйге арсаландап жүгіріп,  
 Сорлы анам отыр екен бүгіліп.  
 Куаныштың нышаны жоқ жүзінде  
 Көзін сұртіп жасқа толған сүзіліп.  
 «Ah» – үрғанда айрылғандай жүрегі,  
 Қайда жары, жан серігі тірегі,  
 Қайда шіркін, тұнғыш ұлы боздағы  
 Қай қыырда... белгісіз-ау жүргені.  
 Ой шарғымен маза болған анамды,  
 Уата алмай жалғыз қалған панамды.  
 Ол жыласа мен де егіліп өксимін,  
 Уайыммен улатып жас санамды!  
 Жылдар өтіп зіл қара тас пара-пар,  
 Жанымызда қалған бітпес жара бар.  
 Шүкіршілік еттім барын үрпақтың,  
 Белгісі боп қалған өмір із жалғар.

### **АСЫЛЫМ**

Асылым-ау аяулысын, ардақты,  
Ыстық сезім көкірегімді маздатты,  
Әртенді ғой дауа таппай жүргегім,  
Махаббаттың жалынына азапты.

\* \* \*

Күлімдеген сенін нұрлы жүзінді,  
Жанарынан жылу берген көзінді,  
Тағат қылмай сарғаямын сағынам,  
Аз көрмесем тауысамын төзімді.

\* \* \*

Аялаумен өмір гүлін әрқашан,  
Асуладан алда тұрған әрі ассам.  
Арманым-ау, жетсем саған жазар ем,  
Көңіл шерін тарқататын сыр дастан.

\* \* \*

Қайырмасы:

Ой-хой шіркін махаббат!,  
Көгершінім ақ қанат.  
Бір өзіне аңсаған,  
Жүргегіммен үш самғап!

## КӨКШЕ АРУЫНА

Құлпырған сұлу Көкше баурайында,  
Төрінде ауылыңың аунайын ба?  
Өзіне шын ықылас жыр шашуым,  
Жүректен осы әнімді арнайында.

Тулаған сексен көлдің толқынындей,  
Көргенде қайран көңіл толқыдың-ай,  
Жаныма нәзік сезім нәрін құйған,  
Ұқсатам ақ жүзінді нұр толған ай.

Ақ марал Оқжетпесті мекендерген,  
Шіркін-ай, дәлден атып алсам ба еken,  
Патшасы сұлулықтың ару аққу,  
Киесі Айнакөлдің еken дегем.

Сол бір кеш өміріме болдың елес,  
Сағыммен мың түрленген бейне белес,  
Жұлдыздай шұғылалы қос жанарың  
Құбылып көз алдыннан кетер емес.

## ГҮЛДЕНЕ БЕР КӨКШЕМ!

Кең төрін Сарыарқаның өрнектеген,  
Түрленіп Көкшетауым көкке өрлеген.  
Терем деп маржаныңды толықсыған  
Сыбанып ақ білекті көп терлегем.

Нұр сепкен күмбезіне алтын арай,  
Шыққан күн, батқан айға қарай-карай.  
Еске алам қайта оралмас балғын шағым,  
Арманға қол былғаған сені балай.

«Бөлектау» иығынан асқанымда,  
Аққу, қаз қалықтаған аспанында,  
Суретін сүйрей тартып «Үлкен шалқар»  
Көкшенің қондырғандай асқарына.

Көлдерің құлімдеген бал көбікті,  
Жағаға ақ күмістен шолпы өріпті,  
Кернеген көкірегімді ауаң азық.  
Дүниеде Көкшем маған ең көрікті.

## ТУҒАН ӨЛКЕМЕ

Тұған өлкем, алтын ұям,  
Шекіз сенім, шетсіз қиян.  
Жүрек ерткен қылдай нәзік,  
Сезімімді саған қиям.

## КӨКШЕ ТАҢЫ

Атқан таң шүғылалы жүзін сүйіп,  
Кекшениң шындары тұр бұлтқа тиіп.  
Шаншылып көкке өрлеғен Оқжетпесім  
Тұргандай Айнакөлге басын иіп.  
Жартасын асау толқын сабалайды,  
Жиекті күміс көбік жағалайды.  
Айдынның ак еркесі-акқу кербез,  
Сұлудай сыр ұрлаған сығалайды.  
Тұрліген тұн көрпесі шетін сөгіп,  
Хош иіс майда самал беттен өбіп.  
Бөледі дүниені таң шапағы,  
Күн күліп, көк жиектен нұрын төгіп.  
Көк мұнар Кекшем қандай керім еді,  
Ақбура мойнын созып керіледі.  
Табиғат сұлұлықтың құдіретіне,  
Еріксіз тамсандырып көндіреді.

## КӨКШЕ КӨРКІ

Күн күліп көк жиектен септі нұрын,  
 Кекшениң нұрға бөлеп ойы-қырын.  
 Жанға-жай жадыраған жазғы кешті,  
 Таңданым көрмегендей бұдан бұрын.  
 Кесілген балғын тогай жасыл нұы,  
 Күмістей көбік шашқан көлдің шуы.  
 Айнадай жарқыраған айдынында,  
 Жүзеді құс төресі қаз, ақкуы.  
 Алыстап аймақтардан адам барап,  
 Өрбітіп лактарын бұғы, марал.  
 Тұнғиық қара көзі қарақаттай,  
 Сұлуы аң біткеннің бұл жануар.  
 Мекендер қыран бүркіт білген сырын,  
 Бөлектау, Торайғырмен Қарамұрын.  
 Көз тартқан көркем Кекше алқабына,  
 Құмартып талай ақын төккен жырын.  
 Қылшақты, Шағалалы өзендері,  
 Бұрандал тулай аққан бір кездері.  
 Азайды судың көзі жыралардан,  
 Болған соң қозылардай көгендегі.  
 Көлінде қайрандаған балықтары,  
 Дем алып, қармақ салсам жалықпадым.  
 Ерте-кеш табиғаттың тұнығынан,  
 Тыныстап қиялыммен қалықтадым.  
 Кекшениң текше болат тастарына,  
 Көз салып найза сүйір бастарына.  
 Бір батыр мәнгі қарап, күзетте тұр,  
 Орнығып Оқжетпестің жапсарына.  
 Ақбура, Жекебатыр жердің сәні,  
 Келмейді атамасам жырдың мәні.  
 Жұмбақтас, Үшдіңгектей шындарына.  
 Тамсанып, сүйсінбейді кімнің жаны?  
 Алаңы Абылайдың қасиетті,  
 Ардақты бар адамға ақ ниетті.  
 Кекшинар алқалаған жоталары,  
 Көмкеріп осы араға бас иіпті.  
 Іздесен Айнакөлдің түстігінде,  
 Шың-жартас, Меніреудің түкпірінде.

Табиғат неткен шебер екен дейсін,  
Көресің Хан Кененің үнгірін де.  
Көкшениң ырысқа бай атырабы,  
Меймандос, ынтымақты халықтары.  
Ел даңқын ер еңбекпен асырады.  
Тарих көп тере берсен бәр-бәрісін,  
Айналған аныз-жырға жер мәнісін.  
Ыбырай, Ақан, Біржан жырға қосқан  
Жалғызтау, Сырымбет пен Бүркіттісін.  
Құлпырган қысы жазы, мәнгі көктем,  
Көк күмбез теңдесі жок саған Көкшем,  
Өзімді бакытты деп мен санаймын,  
Өмірде аз болса да жырлап өтсем.

### **ЗЕРЕНДІ**

Зерендім, аялаған анамдайсың,  
Көңілім бір сен десе аландайсың.  
Ақ қайың, шыршаларың сыбырлаған,  
Сыршыл ой, ақылгөйім, панамдайсың.  
Арайлап атқан тандай керілесің,  
Көк мұнар қайталанбас түрге енесің.  
Жанымды жадыратқан беу, Зерендім,  
Жаннаты, жыр қанаты сен екенсің.  
Көлдерің толықсыған, толған айым,  
Орман, тау тәжім етіп тұрар дәйім.  
Еркелеп аймалаған самалыңмен,  
Жарқырап құшақ жайдың келген сайын.  
Сайраған бұлбұл, құстар таң сәріден,  
Тамылжып тамсандырған үн сәнімен.  
Айналам түрленеді таңырқатып,  
Сусындал табиғаттың кәусерінен.  
Бой балқып, кетем сонда тебіреніп,  
Жүрекке құйылып нәр, терім кеңіп.  
Дүние құпиясын ақтарғандай,  
Мың сырға қанығамын сонда еніп.  
Ақ көбік айдыныңа сүзілемін,  
Тербелген акқуындан сезінемін.  
Шың-шатқал, жынғылдарды араласам,  
Мөлдір көз маралыңмен кезігемін.